

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.ІІ. – Б.186-187

«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ТҮЛЕТУ

Хамитова Е., студент

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына сай біз ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, жаңа шындықтарды бағындыра білуіміз керек. Әлемдегі мықты дамыған 30 елдің қатарына қосылуды мақсат ету жолында өздігімізді, бірегейлігімізді жоғалтпай, қайта оны жаңғыртып, шыңдай түсуіміз қажет. Рухани жаңғыру дегеніміздің өзі аты айтып тұрғандай барды жаңғырту, жаңарту, түлету. Бұл тура- лы Елбасы: «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» деген болатын[1]. Елбасымыз ХХІ ғасырдағы тарихи кезеңде өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды дәстүрімізді ұмытпай жаңғыруымыз керектігіне меззейді. Заман талабына сай өмір сүре отырып, даму жолында ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпауымыз, ұлттық сананы жаңғыртуымыз аса қажет. Сондай ұлттық құндылықтарымыздың бірі – ұлттық ойындар. (2,3слайд)

Ұлттық ойындар – ұлттық мәдениеттің бір саласы. Ойынның адамзат өмірінде алар орны зор екені баршаға белгілі. «Ойын – баланың білім-білік дағдысын қалыптастыратын тәрбие құралы. Ойын – баланың ойлау қабілетін арттыратын іс-әрекет. Ұлттық мұраның бай қазынасы – халықтық ұлттық ойындар. Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан - ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек, ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады.(4 слайд)

Ұлт ойындары – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, сондықтан оны күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор екендігі сөзсіз. Ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасын халық ертеден-ақ білген. Алғашқы қауымдық құрылыс, ертедегі тайпалардың одаққа біріккен дәуірлері ұлт

ойындарының едәуір дамыған кезеңі болды. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған. Көшпелі өмір кешіп, мал баққан тайпалардың көзін ашқаннан көрген театры да, өнері де, көңіл көтерер қызығы да осы ұлт ойындары еді. «Бесік жырынан» бастап ұлт ойындарының барлығы халық тәрбиесінің көзі [2, 16].

Бала ойын үстінде түрлі эмоцияларды иеленеді: ойыннан ләззат алады, сол мезетте қуанышқа бөленеді және ойын арқылы болашақ өміріне дайындалады: ойын барысында келешек өміріне ықпал ететін сапалық қасиеттер мен дағдылар, икемдер қалыптасады (шапшаңдық, төзімділік, ойлау, ойлана білу, сергектік, т.с.с.). Ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, оның таным-түсінігін де арттырады. Ойнай білген бала өз халқының мінез-құлқынан, ой-санасынан, тұрмыс-салтынан да хабардар болады. (5 слайд)

«Ойын» деген атауына қарап, оған мән бермеуге әсте болмайды. Себебі ойын біз ойлағандай балалардың ермегі, қарапайым нәрсе емес. Оның адам өмірінде атқаратын рөлі едәуір зор. Ойын бала тәрбиесінің үлкен табиғи мектебі. Сондықтан да қай ұлт, қай халық болмасын оған үлкен мән берген. Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар 194 бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтіретін тамаша тәрбие құралы деп қараған жөн [3,66]. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғышарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой – дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуекелді екендігін атап көрсеткен. (6 слайд)

Баланың ой өрісін, танымын дамыту барысында ұлттық ойындардың маңызының зор екендігін ұмытпауымыз қажет. Себебі, ұлттық ойындар баланы өз елін сүйуге, құрметтеуге, өз және өзге ұлтты сыйлауға, патриоттық сезімді нығайтуға, ұлттық идеологияны құрметтеп, өз ұлттық діліне, тіліне беріктігі мен ұлттық салт-дәстүрді сақтауға және физикалық, биологиялық тұрғыда мықты болуға үлкен септігін тигізеді. Ұлттық ойынның басқа ойындардан ерекшелігі таза ауада, яғни далада ойналатындығы. (7 слайд) Халықтың ұлттық және спорттық ойындарының өзіндік тарихи даму жолдары, қалыптасу кезеңдері, тәрбиелік маңызы халықтың әлеуметтік, экономикалық дамуымен байланысты. Сондықтан да ұлттық ойындарды әлеуметтік өмірден жеке-дара бөліп қарай алмаймыз. Керісінше, оның қоғам өміріндегі атқаратын рөлін ескере отырып, ұмыт бола бастаған ойындарымызды қайта жаңғыртуымыз керек. (8 слайд)

Қазіргі кезде біршама ұлттық ойындарымыз өзіндік ерекшеліктерінен айрыла бастаған. Тіпті ол туралы өз кезінде Сәбит Мұқанов: «Қазіргі кезде ұлттық спорт жарыстары басқаша көтеріңкі көңілменен өтуге тиісті ғой. Өкінішке орай, қазір ұлттық спорт жарыстары олай өтпейді. Ал, ауылға көз тастасаңыз, ұлттық спорттың түрлері толығыменен ұмытылған сияқты», - деп өкінішін білдірген де болатын (9 слайд)

Қорыта келгенде, еліміз жаңа тарихи кезеңге қадам басқанда бірнеше бағыттарды ескеруі қажет. Соның бірі - ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық бірегейлікті сақтау деп аталатын үшінші бағыт бізге ұлттық санамызды, дәстүрімізді сақтай отырып, ұлы ұлттың ұрпағы екенімізді ұмытпай жаңғыру. Елбасы ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайтынын жақсы біледі. Жас буын өкілдері халықтың игі дәстүрінен тәлім алып, елжандылық, патриоттық қасиеттерді бойына сіңіріп өсу үшін нақ осындай бағдардың маңыздылығы зор. Ең бастысы, жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру.(10 слайд)

Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным – өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз бостандығын, пікір бостандығын сездірту, олардың ұстанымдарымен санасу. Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындарды жаңғырта отырып, оны халықаралық аренаға шығару. Сол арқылы елімізді баршаға паш ету, таныту.(11 слайд)

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Егемен Қазақстан//26.04.2017
- 2 Қазақтың ұлттық ойындары – тәрбие көзі. әдістемелік нұсқау. – Астана, 2011.
- 3 Түркілердің тарихи-мәдени мұрасы еуразиялық және орта азия контексінде. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 80 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары//29-30 сәуір Алматы, 2008 жыл. 1 бөлім, 64-67 б.
- 4 Almagul Akazhanova. The Methodology of the Development of the Worldview of Schoolchildren through Games. Opción, Año 35, No.89 (2019): 640-659 ISSN 1012-1587/ ISSNe: 2477-9385

Жетекші: Ақажанова А.А. п.ғ.м.,аға оқытушы